



№15 (10005)
20 ақпан
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе

Ақпанның аязы қатты



Қазақстанның барлық аймағында ауа райының қолайсыздығы байқалады. Соның әсерінен 7 облыстағы республикалық маңызы бар 8 автожолда қолданылатын көлік қозғалысына шектеу енгізілді, сонымен қатар оқушылар қашықтан оқу режиміне көшті.

Өткен аптаның жұмасынан бастап 112-ден келетін хабарламалардың саны артты. Оның барлығы дерлік Қызылорда облысында күтілетін желдің жылдамдығы мен қатты аязға қатысты. Енді ғана күн жылып, көктем жақындады-ау дегенде аяз күшіне мінді. Тіпті синоптиктердің болжауынша, Қазақстанның кейбір аумағында алдағы 3 күнде -45 градусқа дейін күн суытады.

Алдағы күндері еліміздің солтүстік және шығыс облыстарында ауа температурасы түнде -30-38, күндіз -20-28-қа дейін суытады. Республиканың

оңтүстік-шығысында түнде -15-25, тауларда -30-35, күндіз -10-25 градусқа дейін төмендейді деп күтілуде.

Жұма күні ауа райы -20 градусқа дейін төмендегенін мектеп оқушыларының барлығы қашықтан оқуға көшті. Аяқасты айтылған бұл хабарға оқушылардың да еті үйреніп кеткендей. Себебі бұндай хабарлар мектеп тарапынан көше ғана ескертілетін көрінеді. Ал кешеден бері тек бастауыш сынып оқушылары ғана қашықтан оқып жатыр, ертең қалай болатыны өзгері беймәлім. Себебі ауа райының күрт өзгеруі нақты ше-

шімге жауап болмай тұр.

Қазір ауа райының қолайсыздығына байланысты облыста бірінші ауысымдағы 1-4 сыныптар қашықтан оқуға ауысты. Олай болатындай реті бар. Себебі ауа температурасы -20 градустан төмен және желдің жылдамдығы секундына 20 метр немесе одан қатты болған жағдайда бастауыш сыныптар онлайн білім алу режиміне көшеді. Сондай-ақ ауа температурасының -25 градусқа дейін төмендеуіне байланысты екінші ауысымдағы 1-9 сынып оқушылары да қашықтан оқуға ауысады.

Жалпы ауданда 428 сынып, 7063 оқушы бар. Оның 160-ы – бастауыш сынып, 208-і – ортаңғы буын және 60-ы – 10-11 сыныптар. Олардың барлығы бір мезетте онлайн режимге өткенде кенттегі интернет желісінің ахуалы қандай болмақ?

Иә, қашықтан оқыту кімге болса да оңай емес. Оның мәнісін карантин уақытында ұққанбыз. Интернеттен бөлек оқушының тақырыпты түсінуі, арнайы платформаға кіру жағдайы қарастырылмаған. Мектеп мұғалімдері қашықтан оқыту мүлде ұнамайтындығын, бірақ күн суықтығына байланысты онлайн режимге көшу тиімді шешім екенін айтады.

Сонымен қатар ауа райының қолайсыздығына байланысты 8 облыстағы республикалық маңызы ие 9 тас жолда көлік қозғалысы шектелді. Атап айтқанда, Абай облысында «Омбы-Майқапшағай» учаскесі барлық көлік түрі үшін жабық. «Алматы-Ташкент-Термез» тасжолының Жамбыл және Алматы облысындағы, «Жезқазған-Петропавл» учаскесінің Ұлытау мен Қостанай өңіріндегі жол бөлігінде көлік қозғалысы шектелді. Сонымен қатар Жетісу облысындағы «Үшарал-Достық» жолы да жабылды. Ал Алматы өңірінде «Алма-Тау» туристік базасына апарар жолда жүк және қоғамдық көліктердің қатынауына уақытша тыйым салынған. Тас жолдарды қардан тазартуға 287 техника мен 500-ге жуық адам жұмылдырылған. Ауа райының қолайсыздығына байланысты құтқарушылар қазақстандықтарға алыс сапарға шықпауға кеңес береді.

Айта кетейік, 9 ақпан күні ауа райы қолайсыздығына байланысты «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автожолы жабылып, үлкен жолдың аудан аумағындағы тұсында орналасқан «Достық» кешенінде 600-ге жуық жолаушы тұрақтады. Оларға аудан әкімдігі мен жақын орналасқан ауыл тұрғындары, аудан кәсіпкерлері тарапынан қажетті сусындар мен азық-түлік таратылды.

Аяздың күшіне мініуі халықты да әбгерге салды. Алайда бастысы, ауа райына қатысты үсік шалғандар, зардап шеккендер, жалпы адам шығыны анықталмады. Десе де сақтансақ, сақтайтыны қаперде болсын.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Ел жаңалықтары

«Zhas Project» жобасы аясында 18-35 жас аралығындағы 280 азаматқа 1 миллион теңге көлемінде грант беріледі. Қаржылай грантты жеңіп алу үшін үміткерлер өз аймағындағы әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған жоба жоспарын ұсынуға міндетті. Өтінім 25 наурыздан 24 сәуірге дейін қабылданады.

1 млн теңге грант беріледі



Жастарды қолдауды мақсат еткен жоба еліміздегі 20 аймақты қамтиды. Грант беру бәсекесінде басымдық NEET санатындағы, яғни экономикалық, әлеуметтік немесе саяси факторларға байланысты жұмыс істемейтін, оқимайтын жастарға беріледі. Жобаның егжей-тегжейін орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров түсіндірді.

– 2022 жылдан бері жастарды жергілікті қоғамдастық қызметіне қайта тарту мақсатында «Zhas project» гранттық бағдарламасы іске асырылып жатыр. Жоба өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға және қоғам өміріне қатысуға, жеке тұлға мен әлеуметтік институттар арасында сөнім орнатуға, әлеуметтік жобалардың тұрақты экономикалық моделін құруға бағытталған. Әлеуметтік маңызы бар бизнес-жобаларды оқыту мен іске асыру арқылы NEET санатындағы жастар оң және нәтижелі қызметке тартудың бірегей тәжірибесін алады, – деді Қайрат Қамбаров.

Грантты иеленгеннен кейінгі басты талап – жобаны 4 айда жүзеге асыру. Тәжірибесі толыспаған жастардың қанатқақты жобалары жемісті болу үшін әр өңірде қолдау орталығы жұмыс істейді. Орталыққа жүгінен жас кәсіпкер көкейіндегі әлеуметтік, экономикалық, құқықтық сауалдарына кәсіби мамандардан жауап, кеңес ала алады.

Қызығушылық танытқандар жобатаалаптарымен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының сіс.кз ресми сайты мен арнайы «Zhas project» парақшасында толық танысуына мүмкіндік бар. Ал үздік жобалар желі арқылы анықталып, қараша айында марапаттау рәсімі ұйымдастырылады.

Жаңа бағдарлама жұмысын бастайды

Елімізде наурыздан бастап жаңа ипотекалық бағдарлама басталады. Бұрын көпшілікке «9-20-25» деген атаумен таныс бағдарлама енді «Отату» атауымен жүзеге аспақ. Наурыздан 30 сәуірге дейін азаматтар Баспана маркет (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысуға өтінішін жолдай алады.

Бағдарламаға «Отбасы банк» салымшылары, оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатысады. Талаптарына келсек, үміткердің жинақ шоты ең кемі 18 айлық болуы керек. Өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы 1 млн теңгеден кем болмауы тиіс. Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде кейінгі 5 жыл ішінде жылжымайтын мүліктің болған-болмағаны қатаң тексеріледі. Ал Алматы-Астана қалаларынан тұрғын үй алатын жағдайда сол қалаларда тұрақты тіркеуі болуы қажет. Жобаға 18-63 жас аралығындағы кез келген азамат қатыса алады, дегенмен 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға басымдық беріледі.

– Жыл сайын біз қаржыландыруға 150 млрд теңге бағыттаймыз. Бұл ақша «Отбасы банктің» өз қаражаты есебінен бөлінеді, сондай-ақ Қазақстан қаржы нарығынан да қарыз алып, қаражат тартуды жоспарлап отырмыз. «Отату» бағдарламасы 7 жылға есептелген. Осы кезеңде біз 50 мың азаматтың тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесеміз, – дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Өтінім беру уақыты аяқталғасын otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасақталады. Оған ең көп ұлай жинағандар кіреді. «Ұпайлар қалай есептеледі?» деген сауалға келсек, салым бойынша сыйақы мөлшері үшін әрбір 1 000 теңгеге 5 балл, салым мерзімі үшін салымның өрбір жылы үшін 5 балл тіркелген неке үшін 10 балл балалардың болуы үшін санына қарамастан 50 балл болады.

Егер үміткерлердің ұлай саны бірдей болса, басымдық салым сомасы көбірек және жинақтау мерзімі ұзағырақ адамдарға беріледі. Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күні ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. Осы уақыт аралығында бағдарламаға қатысушы баспана тауып, несие алып, тұрғын үйді сатып алуы керек.

Несие мерзімі – 19 жыл «Отату» бағдарламасын іске асырудың барынша ашықтығы үшін оның қатысушыларының тізімі (заем алушылардың келісімімен) «Отбасы банкінің» сайтында жарияланады. Әрбір адам өтінімдерді іріктеу және ұпайларды есептеу нәтижелерімен otbasybank.kz порталда танысу мүмкіндігіне ие.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Ахуал

Дерт қайта дендеді

Бір апта ішінде республикада COVID-19+ инфекциясының 144 жағдайы және COVID-1 инфекциясының 11 жағдайы тіркелген. Бұл коронавирустың 26 пайызға өскенін көрсетеді. Жаңа жағдайлардың да ең көп саны тіркелген. Осыған байланысты маска режимі қайта еніп, адам көп жиналатын жерлерде бетпердемен жүру міндеттелді.



8 ақпаннан бастап Бас санитардың жаңа қаулысы қабылданды. Қаулы халық арасында ауа тамшылары арқылы берілетін инфекциялық аурулардың (қызылша, COVID-19, тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялар) таралуының алдын алу мақсатында қабылданған. Осылайша барлық өңірге медициналық ұйымдарда персонал мен келушілердің медициналық бетперде тағуын және антисептиктердің болуын қамтамасыз ету тапсырылды.

Үш жыл бойы коронавируспен күресіп, басымызға тигесін бе, атын естисек, қорқатындай жағдайға жеттік. Қаншама адам жұқтырып, вакцина алмаудың салдарынан көптеген адам көз жұмды. Қазір медицина қызметкерлерінің айтуынша, сол қауіпті қайта тудырмас үшін басынан күтінген жөн.

Мамандар халық арасында жұқпалы ауруға қарсы еке алмағандарды екепке алуға шақырады. Себебі коронавирусты жұқтырғандардың басым бөлігі оған қарсы вакцина салдырмағаны белгілі болды.

Аймақта да эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыздығы байқалады, демек вирустық инфекцияның таралуы айқын сезілуде. Былтыр өңірде коронавирус инфекциясын жұқтырудың 118 дерегі анықталған. Оның 47-сі – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал былтыр жыл басынан бері аймақта 37 дерек тіркелген. Оның ішінде 2 дерек Жалағаш ауданына тиесілі. Оның 27-сі қаңтар айында анықталған. Ал ақпан айында ол 10 жағдайды құрады. Басым бөлігі ауру симптомсыз анықталған.

Одан бөлек өңірде тұмау мен қызылша індеті бойынша да ахуал алаңдатарлықтай.

Облыс аумағында тіркелген коронавирус инфекциясының көп мөлшері, яғни 94 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде. Ал аймақта ЖРВИ-дың 16 514 жағдайы есепке алынған, оның 65,3 пайызы 14 жасқа дейінгі балалардан байқалып отыр. Бүгінге дейін тұмаудың 78 дерегі тіркелді. Қазір эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру бағытында нақты шаралар жүргізіліп жатыр.

Жалпы халық арасында ауа-тамшылары арқылы берілетін инфекциялық аурулардың ұшығып тұрғаны жасырын емес. Соның ішінде қызылша, коронавирус инфекциясы, тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың таралуын болдырмау мақсатында Бас санитар тарапынан Қаулы қабылданып, соған сәйкес халық

көп жиналатын орындарда, көліктің барлық түрлерінде медициналық немесе матадан тігілген маскаларды пайдалануға ұсыным берілді. Сонымен қатар медициналық ұйымдарда анти-септиктердің болуы, маскаммен кіріп-шығу енгізілді. Соған орай жеке бас гигиенасын сақтау, үй-жайларда ылғалды тазалық жұмыстарын жиі жүргізу, әлеуметтік қашықтықты сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, дәрігерлердің кеңесін жауапкершілікпен орындау шараларына баса мән беріліп отыр.

Айта кетейік, COVID-19 екі жыл бұрын дүниені дүр сілкіндірген. Зер салсақ, дерттің тарихы ұзақ, құрығы ұзын, зардабы зор. Жаһанды жайлаған алғашқы вирус болмағанымен, өлем тарихындағы алпауыт індеттің санатына өнді. Әлемге кең тараған коронавирустың салдары сананы сілкіп,

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Бәрекедді!

Наркескендіктер топ жарды

Гір спорты бойынша аудан құрама командасын дайындап, олардың спорттық деңгейін жақсарту үшін 2016 жылы аудандағы Наркескен спорт клубында арнайы үйірме ашылған болатын. Осы жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, онымен айналысқысы келетін жастар қатары артты. Қай спорт түрінен жарысқа барса да қоржындары бос қайтпайтын «наркескендіктер» быыл да жыл басын жақсы жаңалықпен бастады.

— Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен бір спорты үйірмесін талапқа сай етіп, қажетті құралдармен қамтамасыз еттік. Спортшылардың сайыстарға қатысуына жағдай жасадық. Гір тасын алақанда ойнататын Абдулхасан Сейтеновтің шәкірттері — наркескендіктер намысты қолдан бермей, еліміздің, облыстың, ауданның абыройын асқақтатуда, — дейді — «Наркескен» спорт клубының директоры Фалымжан Ержанов.

Иә, «Наркескен» спорт клубындағы бір спортының үлкен жетістіктерге жетуінде үйірме жаттықтырушысы Абдулхасан Сейтеновтың еңбегі зор. Ол күні-түні шәкірттерін шыңдауда қажырлы еңбек етіп, бүгінде жемісін көріп отыр. Бағы мен бабы келіскен балкердің шәкірттері өткен аптада Астана қаласында өткен ұзынайналм жаттығуынан ересектер мен жастар және жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатына қатысты. Екі күнге жалғасқан жарыс нәтижесінде Қайсар Төлеген жастар арасында 78 келі салмақта II орын, Нұрслам Орынбасар 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында 73 келі салмақта I орын алды.

— 8 сыныпта оқитын кезім, балкерім Абдулхасан Сейтеновпен аудан орталығындағы алаңда өтіп жатқан спорттық сайыста таныстым. Со-



дан бері бір спортымен айналысып келеміз. Аптасына 3 рет спорт залға келіп дайындаламын. Тыңғылықты үздіксіз дайындықтың арқасында балкеріммен бірге үлкен жетістіктерге жетіп жатырмын. Қазақстанды әлемге танытып, көк байрағымды өлем долларында желбірету үшін қолымнан келгенше еңбек ететін. Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде деңе шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша 3 курс студентімін. Жарысқа 500-ге жуық спортшы қатысты. Соның ішінде Қостанай мен Шардараның спортшыларын өзіме мықты қарсылас болды деп айта аламын. Себебі алдыңғы жылғы жарыстарда да бір алаңда бақ

сынап, бәсекелес болғанбыз. Бұл жолы Қостанайдан келген спортшыдан озып, өкінішке қарай Шардараның спортшысынан жеңіліп қалдым. Ендігі мақсат — келесі сайыстарда қарсыластарымыз барлығынан оза шауып, өлем чемпионы атану, — дейді Қайсар Төлегенұлы.

Елімізде қол күрес спорты дамыған аймақтың бірі Шардара болса, бір спорты дамыған өңір Жалағаш болуы үшін қызмет ететін жеткізген Қайсар болашақта балкерінің жолын қууды көздейді. Бүгінге дейін екі рет қола, бір рет күміс жүлде иегері атанып, ҚР чемпионатында алтыннан алқа таққан Нұрслам Орынбасардың да ендігі мақсаты — өлем чемпионы атану.

— Дайындық барысында көзкіккен

қиыншылықтан шаршап, қажыған сәтте балкерім Абдулхасан ағайдың айтқан ақылы мен жігерлендіретін сөздері ғана әрі қарай спортты жалғастыруға күш береді. Жарыстарда қол төрлемес үшін жағатын ұнтақты жиі жоғалтып алып, қажетті заттарымызды ұмытып кетіп жатамыз. Сондай сәттерде балкеріміз бәрін байыппен шешіп, бізге жеңіске жету жолында кездескен қиыншылықтарға мойымауды үйретеді. Мойынға таққан медальда қаншама еңбек пен төгілген тер бар, — дейді Нұрслам Нұрланұлы.

Аталған үйірменің ауыз толтырып айтатындай мақтан тұтар басқа шәкірттері де жетерлік. Себебі онда өз ісінің білікті маманы, нағыз шебер жаттықтырушы Абдулхасан Сейтенов чемпиондарды шыңдап шығарып, аудан спортының дамуына өзіндік үлесін қосып жүр.

Үйірмеге аудан ауыл білім ошақтарынан аптасына 4 күн 60-тан аса оқушы келеді. Жалпы бұл жарысқа бармас бұрын спортшылар ең алдымен Тереңөзекте өткен облыстық жарысқа қатысты. Бұл жарыс ұзынайналм деген жаттығудан өтті. Жасөспірім мен жастар жас ерекшеліктері мен салмақ дәрежелеріне қарай бөлінді. Жарыс нәтижесі бойынша 5 оқушы ҚР чемпионатына қатысуға жолдама алды. Өздеріңіз білетіндей, 2 спортшымыз жүлделі орындарды иеленді. Бірі жастар арасында өткен жарыста II орын, ал екіншісі жасөспірімдер арасындағы жарыстан I орын алды. Жігіттердің еңбекқорлығы спортта талай сыналды. Олар спорт шебері болса, Нұрслам Орынбасар спорт шеберіне үміткері.

— «Наркескен» спорт клубындағы бір спорты үйірмесінің балкері Абдулхасан Сейтенов.

Айта кетейік, үйірме қатысушылары жылда ауыл спортшылары бас қосатын «Алтын күз» спартакиадасынан соңғы 3 жылда командалық есеп бойынша алғашқы үштіктен түспеген. 500-ге жуық кіл мықтылар бас қосқан чемпионатта балкерінің үмітін ақтаған спортшылар алдағы уақытта Қазақстан ұлттық құрамасына кіріп, ел абыройын Азия және өлем чемпионатында қорғап, мемлекет мерейін үстем етеді деп сенеміз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Жалағаштықтар жеңіс тұғырында

Өткен апта жалағаштық жастар үшін жеңісті күндерге толы болды. Сөзімізге Атырау облысы Құлсары қаласында жасөспірімдер арасында өткен республикалық турнирде жас палуандарымыз дзюдо күресінен жүлдемен оралуы дәлел. Аудандағы №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі талай чемпионды тәрбиелеген қара шаңырақ екені даусыз. Жеңімпаздарымыз да — осы мектептің түлегі



Бүгінде мұндағы дзюдо үйірмесіне 200-ге жуық бала келеді. Сайыпқыран спортшының артында тынымсыз еңбек ететін білікті балкерлер тұратыны хақ. Аудан абыройын арқалап, дүбірлі додаларда топ жарып жүрген спортшыларды дзюдо күресіне баулып, чемпиондар тәрбиелеп шығаруда қажырлы еңбек ететін жалағаштық балкерлердің есімі көпке таныс, жастарға үлгі. Олар — Әмірбек Көлменов, Жайдар Есенов, Олжас Талапбекұлы мен Шыңғысхан Әбілхасанұлы.

Мұндағы дзюдошылар бүгінде еліміздің үздіктері қатарында. Өрине ол — балкерлер мен спортшылардың ортақ жеңісі мен тынымсыз еңбегі. Білікті балкер Жайдар Есеновтың айтуынша, аптаның алты күнінде де 4 ауысым бойынша жаттығу залы болашақ чемпиондардан босамайды. Өрине бұл біріншіден, ауданда спорт саласының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетсе, екіншіден, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне

спорт мектебінің тигізіп жатқан септігі мол екенін де аңғартады.

Білікті де білекті балкер бұл спорт түрін бала күнінен жанына серік етіп, бүгінде шәкірт тәрбиелеп, үлкен жетістіктерге жетуде.

— Бұл салада еңбек етіп келе жатқаныма 20 жылға жуық уақыт болды. Шама-шарқымыша аудан спортының дамуына өзіндік үлесімді қосып келемін. Алдағы уақытта да болашақ чемпиондар шығару үшін бар күш-жігерімді салып, қарым-қабілетімді жұмсай бермекпін. Спорт мектебімізге 5 жастан жоғары балалар келеді. Олардың спортқа деген қызығушылығын одан әрі шыңдау мақсатында ең бірінші оңай ойын түрлеріне аламыз. Одан кейін жас жеткіншектердің қарым-қабілеті мен бейімділігіне қарай басқа спорт түрлеріне бейімдейміз. Яғни 1 пайыз талант пен 99 пайыз өткен еңбек ғана жеңіске жетуге мүмкіндік береді. Аудан спортының дамуына кішкене болса да үлес қосу — басты армандарымыз бірі,



— дейді Жайдар Есенов.

Білікті балкер — бүгінде дзюдо күресінен спорт шебері, жоғары санаттағы жаттықтырушы. Күндіз-түні тыным таппай өткен еңбегінің бүгінде жемісін көруде. Ол дзюдо күресінен де Азия, өлем чемпиондарын шыңдап шығарған. Шәкірттерінің барлығы дерлік әлі де спорттан қол үзбеген. Қазір олар түрлі додаларда топ жарып, үлкен жарыстарда жауырыны жерге тимей, қарсылас шақ келтірмеуде.

Шәкірттерінің жеңісіне қарап марқайтын Жайдар ағамыз бүгінгі жеткіншектерінің ағаларының жолын жалғап, жеңіс тұғырынан көрініп жүргенін қуанышпен жеткізді.

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мықты спортшылар Атырау облысы Құлсары қаласында жасөспірімдер арасында «KULSARY JUDO OPEN CUP — 2024» республикалық турнирінде жүздесті. Аудан абыройын арқалап барған 20 спортшының 8-і жүлдемен оралды.

2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында 38 келі салмақта Ақәділ Батыржанұлы мен 73 келі салмақта Ермұрат Жанғабыл қарсылас шақ келтірмеген. Ал 42 келі салмақта Ернұс Шөмен II орын алса, Заңғар Сырмағанбет пен 60 келі салмақта Алинұр Сәрсенбай үздік үштікті

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Футбол

Чемпиондар лигасы: Келесі кезеңге кім өтеді?

Өткен аптаның сәрсенбіге қараған түні футболдан чемпиондар лигасының плей-офф кезеңі басталды. Даниялық «Копенгаген» өз алаңында «Манчестер Ситиді» қабылдаса, мадридтік «Реал» Лейпцигке жол тартты.



«Копенгаген» бұған дейін де чемпиондар лигасында жыл сайын бой көрсететін мықты командаларға гол соққан. Сондықтан өз алаңында англиялық клуб қақпасына да кемі 1 гол салатыны белгілі болды. Ал «Манчестер Ситиге» сырт алаңда алаң қожайындарын еркіне қойып, жауапты кездесуде жазасын беруге де болатын еді. Алайда ойын өрнегі басқа арнада өрбіді.

Иә, ө дегеннен қонақтар шабуылды үдетті. Ойынның оныншы минутынан кейін даниялық клуб қорғаушылары сыр берді. Көп ұзамай К.Де Брюйнеге Ф.Фоден асырған доп Грабара күзеткен қақпада тұлады.

Допқа иелік етуде қонақтар айқын басымдықпен алға шыққанымен алаң қожайындары бұл голға алғашқы таймда ақ жауап қайтарды. Ойынның 34 минутында былтыр «Копенгаген» құрамына келген Магнус Маттссон жалғыз өзі Эдерсоннан айласын асырды.

Бірінші таймның қосымша уақытында алғашқы голдың авторы К.Де Брюйне еріптесі Б.Силваға нәтижелі пас асырған. Оны португалиялық легионер алаң қожайындарының қақпасында тұлатып, командасын қайта алға шығарды.

Екінші таймда жанкүйерлер «Копенгагеннен» тағы бір гол күтті. Алайда олардың бұл үміті ақталмады. Осылайша Магнус Маттссонның алғашқы таймдағы көзге түсуі алаң қожайындарының жауапты әрі жұбаныш голы болды.



Асылы англиялықтарға қарсыласы таразы басын теңестірсе де келесі айналымға өздерінің шығатыны белгілі болды. Бірақ қонақтар мұндай түсініктен ада екен, екінші таймда олар шабуылға қарқын қосты, дегеніне жетті де. Ойын соңында есеп ашуда өзінің қолтанбасын қалдырған Ф.Фоден кездесуді түйіндеді.

«Копенгаген» келесі айдың басында Англияға жолға шығады. Қарымта кездесудің де қалай өрбитіні екібастан белгілі. Бұл кездесуде алаң қожайындарының қонақтарды еркіне қоймасы анық. Себебі былтырғы чемпиондар лигасының жеңімпаздарына быыл да ақтық мәреде атой салуға мүмкіндік жоқ емес.

Дәл осы күні «РБ Лейпциг» өз алаңында «Рел Мадридті» қабылдады. Германиялық клубтың ө дегеннен шабуылды үдететіндей реті бар, себебі қарсыласы қарымта кездесуде бәрін дайын екенін жақсы біледі. М.Росе шәкірттері ойын басталғаннан шабуылға ден қояды да сондықтан.

Ойынның екінші минутында Б.Шешко салған гол жанкүйерлердің көңілін бір серпілткен. Алайда олардың қуанышы ұзаққа созылмады. Бас төреші гол авторының ойыннан тыс қалғанын қапы жібермеді.

Осылайша алғашқы таймда есеп ашылмай, қос команда тең тарқасты. Екінші тайм басталысымен Брахим Диас венгриялық қақпашыдан айласын асырды. Мұнан кейін алаң қожайындары таразы басын теңестіруге асықты. Қонақтар да есепті еселеуде қарап қалған жоқ. Десе де мұнан кейін кезек-кезек жасаған шабуылдың барлығы нәтижесіз аяқталды.

«Сантьяго Бернабеу» стадионында өтетін қарымта кездесуде алаң қожайындары келесі кезеңнің жолдамасын алар, алайда қарсыласы оңай шағылатын жаңғақ емес, сондықтан Анчелотти бұл ойында негізгі құрамды толық шығаруға тырысады. Ал қонақтар бірінші болып есеп ашса, ойын өрнегі басқа арнада өрбей бек мүмкін.

Келесі күні де плей-офф кезеңінің ойындары жалғасын тапты. Дәл осы күні «Лацио» өз алаңында тағы бір германиялық клубты тізе бүктірді. Алғашқы таймда бір-бірінші қақпасынан саңылау таппаған қос команда келесі таймды да сүреңсіз өткізді. Бас төреші 11 метрлік айып добын белгілемесе, есеп ашылмауы да мүмкін екен. Абырой болғанда айып добын Иммобиле сәтті орындады.

Мұнан кейін қонақтар таразы басын теңестіруге асықпады. Себебі қарымта кездесу Мюнхендегі «Альянц Аренада» өтеді. Онда «Баварияның» келесі кезеңнің жолдамасын жұлып алатыны айтпаса да түсінікті.

Францияда дәл осы кездесумен қатар тағы бір ойын өтіп жатты. Өз алаңында «Реал Сосьедадты» қабылдаған «ПСЖ» келесі кезеңнің жолдамасын бірінші кездесуде-ақ шешіп тастағандай. Ө дегеннен алаң қожайындары ойынды өз қолына алды. Шабуылды үдеткен франциялық клуб қонақтар қақпасына 2 гол соғып, жанкүйерлеріне жеңіс сыйлады.

Бүгін түнде «Интер» өз алаңында «Атлетико Мадридті» қабылдайды. Келесі кезеңге кім өтетіні жұмбақ ойын осы, себебі екі команданың да ойын өрнегі бір, шабуылға аса қатты шыға бермейді, керісінше қорғаныс мығым. Ал «ПСВ» мен Баруссия Д» командаларының ішінде германиялық клубтың мүмкіндігі мол. Бірақ «ПСВ» бұған дейін де мұндай командалардың талайын жарыс жолынан ысырған. Сондықтан біржақты кесіп айтқан да дұрыс болмас.

Ертең «Наполи» өз алаңында котолониялық клубты қабылдайды. Қазір «Барселона» мықты құрам жасап алды. Ал алаң қожайындары соңғы уақытта өз лигасында да сүреңсіз өнер көрсетуде. «Порту» да «Арсенал» үшін оңай қарсылас емес. Десе де англиялық клуб үшін бірінші ойынның сырт алаңда өтуі әлдеқайда тиімді болып тұр.

Біздікі жай болжам ғана, негізі келесі кезеңге кім өтеді, оны уақыт көрсетеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

